

Калинин ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 5 қыркүйектегі № 1 "Калинин селолық округі селоларының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Таран ауданы Калинин ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 мамырда № 4710 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орнамастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Калинин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Калинин ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 5 қыркүйектегі № 1 "Калинин селолық округі селоларының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-143 тіркелген, 2011 жылғы 3 қарашада "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының", "селоларының", "селолары" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылдарының", "ауылдары" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін **ө з г е р м е й д і .**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. Сапабеков